

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

қолжазба құқығында

Сәлімов Бақберген Батиханұлы

**БҰҚАРАЛЫҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДЫ ДАМУ ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖҮЙЕЛІ
СПОРТПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ШАРТЫ РЕТІНДЕ**

«7M041 Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7M04105 – Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы

«Бизнес және басқару» магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба
«7M04105 – Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы бойынша

Ғылыми жетекші _____ Ниязбаева А.Т., PhD, доцент

Жоба қорғауға жіберілді: « _____ » _____ 2023ж.

Басқару институтының директоры _____ Гаипов З.С. с.ғ.д.

Астана, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ.....	6
НЕГІЗГІ БӨЛІМ.....	8
ҚОРЫТЫНДЫ	36
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	39
ҚОСЫМШАЛАР.....	42

Нормативтік сілтемелер

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 725 «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау" ұлттық жобасын бекіту туралы» қаулысы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 168 «Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 4 қарашадағы № 74 «Спорттық іс-шараларды өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Төрағасының 2014 жылғы 28 шілдедегі № 294 «Спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай күнтізбесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

Белгілеулер мен қысқартулар

ҚР	- Қазақстан Республикасы
БЖСМ	- Балалар-жасөспірімдер спорт мектебі
МБЖСМ	-Мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі
ОБЖСМ	- Облыстық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі
1 ФК	-Ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны
КММ	-Коммуналдық мемлекеттік мекемесі
ЖОО	-Жоғары оқу орны
ПИК	- Пәтер иелері кооперативі

Кіріспе

Зерттеудің өзектілігі. Салауатты қоғамды қалыптастырудың негізгі шарты адамдардың физикалық, рухани және экономикалық тұрғыдан қалыпты деңгейде болуына байланысты.

Қалыптасқан жағдайда дене шынықтырумен байланысты ағзаның қажеттіліктерін қанағаттандыру қажеттілігі біртіндеп туындады. Спорт – бұл өзекті мәселенің ең тиімді шешімі. Спорт әр түрлі адамдар топтары арасындағы бәсекелестіктің әрекет түрінде тарихи қалыптасқан дене шынықтырудың жалпы тұжырымдамасының, құрылымының бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау" ұлттық жобасында 4 - бағыт: Саламатты өмір салтын ұстанатын халықтың үлесін арттыру және бұқаралық спортты дамыту болып табылады. Дене шынықтыру мен спорт мемлекеттің айрықша назарында екендігі және маңызды міндеттерінің бірі – Халықтың барлық санаттары мен топтары үшін дене шынықтыру мен бұқаралық спортпен айналысу үшін жағдайлар жасау, оның ішінде халықтың спорт объектілерімен қамтамасыз етілу деңгейін арттыру керектігі айтылған [1].

Еліміздің 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында «Қоғамдық сананы жаңғырту» реформасын жасау арқылы мықты және жауапты тұлғалардың біріңғай ұлтын қалыптастыру көзделген. Ұлттық бірегейлікті сақтау жаңғырту процесінің іргетасы ретінде қарастырылып, табысты тұлғаларды қалыптастыру шарты ретінде салауатты өмір салтын насихаттау адами капиталдың сапасын арттыруда әсер етуші бірден-бір құрал екендігі жазылған [2].

Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында халықты дене шынықтыру-спорттық тәрбиелеудің жалпыұлттық жүйесін қалыптастыруға басымдық беріп, елдің спорттық өмірі ұлтты жұмылдырудың маңызды факторы болып көрсетілген.

Ұлттық спорт түрлерін насихаттау азаматтық-патриоттық тәрбиенің ажырамас бөлігі болып табылады. Ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптың сақталуы - халықтың ғасырлар бойы жалғасқан тәрбиесінің нәтижесі. Ұлттық дәстүрлер жүйесі арқылы әр халық өзін, өзінің рухани мәдениетін, ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлттық психология ерекшеліктерін жаңғыртады.

Қабылданған тұжырымдаманы іске асыру екі кезеңнен құралған. Алғашқы кезең 2016 – 2020 жылдарда стратегиялық бағдарламалар мен құжаттарды негіздеу болса, Екінші кезең 2021 – 2025 жылдар аралығы қойылған міндеттер мен шарттарды жүзеге асыру арқылы халықты дене шынықтырумен және спортпен жүйелі шұғылдануға тартудың орташа көрсеткішін 35 %-ға дейін жеткізу болып табылады [3].

Президент өзінің 2020 жылдың қыркүйек айындағы халыққа жолдауында «Бұқаралық спортқа, дене тәрбиесіне және балаларға басымдық беру керек. Әр облыста, ірі аудан орталықтарында спорт үйірмелерін ашу қажет» екендігі туралы ерекше тоқталған [4].

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Бұқаралық спортты дамыту бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін бірнеше міндеттер жоспарланған:

1. Бұқаралық спорт мәнін айқындау;
2. Қазақстан Республикасындағы бұқаралық спортты жетілдіру тәсілдерін саралау;
3. Бұқаралық спортты дамыту бойынша заңдар мен нормативтік актілердегі ерекшеліктерді айқындау;
4. Халықаралық тәжірибелерге талдау жасау және озық үлгілерін қолдану мүмкіндіктерін зерделеу;
5. Дәстүрлі садақ атудың бұқаралық сипат алуына ұсынымдарды ғылыми негіздеу.

Зерттеу объектісі. Бұқаралық спортты дамыту жолдарына бағытталған мемлекет саясатын жүзеге асырудың негіздері.

Зерттеу пәні. Қазіргі бұқаралық спорттың жағдайы мен даму жолдарын көрсету және жетілдіруге бағытталған тиімді факторлар.

Ғылыми жаңалығы. Зерттеу барысында алынған нәтижелердің ғылыми жаңалығы келесідей:

1.Зерттеу тұрғысынан әдістемелік негізде бұқаралық спорт саласының ерекшеліктері нақтыланды және тұжырымдалды.

2.Ұлт денсаулығын көтеруде бұқаралық спортпен шұғылданушылар санын арттырып, бұл саланың мақсатты индикаторларына және қолдау тетіктеріне талдау және бағалау жүргізілді.

3.Дене шынықтыру және спорт саласындағы оның ішінде ұлттық спорт бағыты бойынша мемлекеттік басқару нормативтік-құқықтық актілерге түзету енгізу туралы ұсыныс беру негізделді.

4.Тұрғындардың жүйелі дене шынықтырумен шұғылдануын дамыту бағдарламасының жобасы әзірленді.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздерін шетелдік және отандық ғалымдардың бұқаралық спорт, ұлттық спорттың бұқаралық сипат алуы, дене шынықтыру және спорт саласын қолдау және дамыту, мемлекеттік саясат саласындағы еңбектері құрайды. Нормативтік-құқықтық әдебиеттерге: Заңдар, ҚР Президентінің Жарлықтары, Үкімет Қаулылары, ҚР Спорт Министрлігінің бұйрықтары, шет елдердің заңнамалары және салалық ұйымдардың есептері жатады. Зерттеу барысында сандық және сапалық әдістер пайдаланылды. Тоқталып өтсек: ақпараттық-мақсатты талдау, шетелдік тәжірибелерді зерделеу, салыстыру әдісі және сарапшылардың, аталмыш саладағы мемлекеттік орган қызметкерлерінен сараптамалық сұхбат.

Зерттеу қорытындысы бойынша стратегиялық құжаттардағы мақсатты индикаторларға жету үшін дене шынықтыру және спорт саласын мемлекеттік қолдау саясатын жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді.

Гипотеза. Бұқаралық спортты дамытудың негізгі факторларының бірі ұлттық спорт түрлерінің бұқаралық сипат алуын дамыту.

Тәжірибелік нәтижелігі. Магистрлік жоба аясында жасалған талдаулардың нәтижесінде бұқаралық спортты дамыту тұрғындардың спортпен шұғылдануын жүйеге келтіреді және тұрақты айналысуын қамтамасыз етеді.

Әдебиеттерге шолу

Бұқаралық спорт - бұл адамдардың жасына, жынысына, әлеуметтік немесе экономикалық жағдайына немесе шеберлік деңгейіне қарамастан көптеген адамдар үшін қол жетімді спорттық іс-шаралар. Бұқаралық спорттық іс-шараларға жүгіру, велосипед тебу, жүзу және бәсекелестікпен де, ойын-сауықпен де айналысуға болатын басқа да танымал спорт түрлері кіруі мүмкін.

Соңғы жылдары бұқаралық спортқа денсаулық пен әл-ауқаттың, қоғамның біртұтастығы мен экономикалық дамуының құралы ретінде көбірек назар аударыла бастады. Бұл әдебиеттерге шолу бөлімімізде біз бұқаралық спортты әртүрлі тұрғыдан зерттеген зерттеулердің негізгі нәтижелерін зерттейміз.

Бірнеше зерттеулер бұқаралық спорттық шараларға қатысудың денсаулыққа пайдасын көрсетті. Мысалы, физикалық белсенділік жүрек-қан тамырлары аурулары, инсульт, қант диабеті және қатерлі ісіктің кейбір түрлері сияқты бірқатар денсаулық жағдайларының қаупінің төмендеуімен байланысты. Дене белсенділігі ұйқыны жақсартады, физикалық және атқарушы функцияларды жақсартады және алаңдаушылық пен депрессия сияқты психикалық денсаулық проблемаларының қаупін азайтады.

Қазіргі қоғамда бүкіл әлемде гиподинамия, артық салмақ және жұқпалы аурулардың деңгейі өсуде. Мысалы, Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше жаһандық дене белсенділігінің деңгейі:

- Әлемдегі ересек тұрғындардың төрттен бірінен астамы (1,4 миллиард ересек адам) жеткілікті деңгейде белсенді емес;
- Дүние жүзінде әрбір 3 әйелдің 1-і және ерлердің төрттен бірі дені сау болу үшін жеткілікті физикалық белсенділікпен айналыспайды;
- Табысы төмен елдермен салыстырғанда кірісі жоғары елдерде әрекетсіздік деңгейі екі есе жоғары;
- 2001 жылдан бері физикалық белсенділіктің жаһандық деңгейінде жақсару байқалмады;
- 2001-2016 жылдар аралығында табысы жоғары елдерде жеткіліксіз белсенділік 5%-ға (31,6%-дан 36,8%-ға дейін) өсті [5].

Бұқаралық спорт түрлерінің әлеуметтік пайдасы да бар. Салауатты қоғамды қалыптастырудың негізгі шарты адамдардың физикалық, рухани және экономикалық тұрғыдан қалыпты деңгейде болуына байланысты.

Қалыптасқан жағдайда дене шынықтырумен байланысты ағзаның қажеттіліктерін қанағаттандыру қажеттілігі біртіндеп туындады. Спорт – бұл өзекті мәселенің ең тиімді шешімі. Спорт әр түрлі адамдар топтары арасындағы бәсекелестіктің әрекет түрінде тарихи қалыптасқан дене шынықтырудың жалпы тұжырымдамасының, құрылымының бөлігі болып табылады.

Қазіргі таңда дене шынықтырудың, атап айтқанда спорттың жан-жақтылығына байланысты бұл ұғымды бұқаралық спорт және жоғары жетістіктер спорты деп бөліп қарастырады. Әрі қарай біз бұқаралық спорт туралы, оның жоғары жетістіктер спортынан айырмашылықтары туралы және мақсаттары мен міндеттері туралы айтатын боламыз.

Бұқаралық спорттық іс-шаралар қабылдаушы қауымдастық үшін де

экономикалық пайда әкелуі мүмкін. Мысалы, марафондар мен триатлондар сияқты ірі спорттық іс-шараларды өткізу қабылдаушы қалаға айтарлықтай экономикалық пайда әкелетінін, соның ішінде туризм мен жұмыс орындарын ашуды арттыратыны белгілі.

Бұқаралық спорттың көптеген артықшылықтарына қарамастан, халықтың қатысу көрсеткіші төмен болуы мүмкін, әсіресе әйелдер, егде жастағы адамдар және табысы төмен адамдар сияқты белгілі бір топтар арасында. Бұқаралық спорттық іс-шараларға қатысуға кедергілерге уақыттың жетіспеушілігі, мотивацияның болмауы және құралдар мен жабдықтарға қол жетімділіктің болмауы жатады.

Бұқаралық спортты дамыту үшін түрлі стратегиялар ұсынылады. Спорт көптеген елдерде ұлттық саясаттың күн тәртібінде өз орнын алатын әлеуметтік мәселе. Еліміздегі спортты дамыту бойынша басшылық пен бағытты қамтамасыз етуді «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі саласындағы салааралық үйлестіруді және мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) ведомствосы жүзеге асырады [6]. Бұл қоғамның төменнен ұлттық деңгейге дейін қатысуын да іске асыратын ұйым.

Аталған ұйым қауіпсіз және қолжетімді нысандармен қамтамасыз ету арқылы халықтың спортпен шұғылдануын ынталандыруы мүмкін. Сонымен қатар, стратегиялық жоспарларды жүзеге асыру және әлеуметтік медиа және қоғамдастық бағдарламалары арқылы бұқаралық спорттық іс-шараларды жүзеге асыру міндеті де кіреді.

Әлем елдердің көпшілігінің спортқа қатысты стратегияларының болуы сияқты, елімізде «Қазақстан – 2050» Стратегиясында саламатты өмір салтын қалыптастыру ұлт денсаулығының кілті болып саналатындығы айтылған. Дене шынықтыру және спортпен айналысатын халықтың үлесін арттыру және бұқаралық спортты дамыту, халықтың барлық санаттары үшін дене шынықтыру және бұқаралық спортпен айналысуға жағдайлар жасау, оның ішінде халықты спорт нысандарымен қамтамасыз ету деңгейін арттыру жүзеге асырылып жатырған жобалардың бірі [7].

Victoria E. Warburton және Christopher M. Spray «Жас спортшыларды спортпен шұғылдануға не ынталандырады? Неліктен кейбір жастар спортпен шұғылданып, жетістіктерге жетеді, ал басқалары бас тартады?» деген сұраққа: мақсатқа жету теориясы тұрғысынан жауап береді. Бұл теория өз атауынан белгілі болғандай, спортта жақсы болуға ұмтылудың екі түрлі, бірақ кейде бір-бірін толықтыратын тәсілі бар, олар жетістік мақсаттары деп аталады. Мақсат - бұл сіз жасауға тырысатын немесе көздеген нәрсе және сіздің қабілетіңізге қалай қарайтыныңызға қатысты. Мысалы, спортта сіздің дағдыларыңызды жақсарту мақсаты болуы мүмкін - мүмкін сіз өзіңіздің жеке рекордыңызды жеңіңіз немесе техникаңызды дамытқыңыз келуі мүмкін. Бұл шеберлік мақсатына ие болу деп аталады. Өзіңізді ешкіммен салыстырмай-ақ жақсырақ болғыңыз

келеді.; Сіз өзіңізді жетістікке жету үшін спортта үйренуге және дамытуға тырысасыз. Екінші жағынан, сізде басқалардан жақсы болғыңыз келетін мақсат болуы мүмкін - сіз жеңгіңіз келеді немесе командаластарыңыздан немесе бәсекелестеріңізден тезірек немесе оңайырақ әрекет еткіңіз келеді».



1-сурет – Баланың спортқа ынталану деңгейі
Ескертпе – [8] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Осы екі шектен тыс мотивацияның бірнеше басқа түрлері бар, олардың барлығын сыртқы мотивация ретінде сипаттауға болады. Іс-әрекеттің өзіне негізделмеген, ішкі мотивацияға қарағанда төмен сапалы мотивация. Сыртқы мотивация түрлері спортпен айналысу кезінде сезінетін еркіндік дәрежесімен ерекшеленеді. Көбірек еркіндік жоғары сапалы мотивацияға тең, өйткені сіз өзіңізді мәжбүрлі сезінудің орнына қатысуды қалайсыз. Мысалы, сіз спортпен айналысқыңыз келуі мүмкін, себебі ол сіздің дененізді шынықтырады, денсаулығыңызды жақсартады немесе достар табуға мүмкіндік береді. Бұл қатысудың оң себептері. Екінші себеп бар, сіз достарыңыз бен ата-аналарыңызды қуанту үшін ойнай аласыз және егер сіз оқудан шығып қалсаңыз, олардың көңілін қалдырмауыңыз мүмкін. Одан да жаманы, сіз ата-анаңыздың жазасынан құтылу үшін немесе тек кубоктар мен басқа марапаттарды ұтып алу үшін спортпен айналыса аласыз. Сонымен, сыртқы мотивацияның кейбір түрлері басқаларына қарағанда көбірек қажет. Маңызды мәселе, сіздің мотивацияңыз неғұрлым ішкі болса немесе ол жағымды сыртқы себептерді көрсететін болса, спорт соғұрлым пайдалы болады деп ой айтады [8].

Natalie Djohari, Gavin Weston, Rebecca Cassidy, Martyn Wemyss, Samantha Thomas сынды бірнеше зерттеушілер «Ұлыбританиядағы ойын жарнамасы мен спорттағы демеушілікті еске түсіру және хабардар болу: жастар мен ересектерді зерттеу» бойынша жұмыс жүргізеді. Зерттеуге 99 жас (8–16 жас) және 71 ересек

адамнан тұратын 71 отбасы тобы қатысады. Зерттеу 2018 жылдың мамыр-шілде айларында өтеді. Интервьюер көмегімен жүргізілген сауалнамалар Австралияда әзірленген сұхбат пен магнитті орналастыру тақтасының әрекетін пайдалана отырып, спорттық ставкалардың брендтерін еске түсіру мен хабардар болуын зерттейді. Сандық деректер сипаттамалық статистиканың көмегімен талданады, ал сапалы деректер тақырыптық талдау әдістерін қолдана отырып түсіндіріледі.

Зерттеу нәтижесінде, жастардың жартысынан азы ($n=46$, 46%) және ересектердің үштен екіден астамы ($n=49$, 71%) кем дегенде бір құмар ойын брендін атаған. Теледидардан футболды көп көретін жастар және ұлдар қыздарға қарағанда көбірек брендтерді еске түсірген. Жастардың үштен екісі ($n=63$, 63%) футбол командасының жанына бір немесе бірнеше жейде демеуші магниттерін дұрыс орналастырған, ал 30% ($n=30$) футбол командасының жанына үш немесе одан да көп демеушілер магниттерін дұрыс орналастырған. Ересектердің үштен екіден азы ($n=44$, 62%) футбол командасының жанына бір немесе бірнеше жейде демеуші магниттерін дұрыс орналастырған. Жастар теледидардан ($n=78$), технология/экраннан ($n=49$) және спорт командаларымен ($n=43$) бірлесе отырып, ойын жарнамасын көргендерін еске алды. Ересектер теледидарда ($n=56$), технологияда/экрандарда ($n=37$), спорттық стадиондарда ($n=34$) және бәс тігу орындарында ($n=34$) жарнаманы көргенін еске алды. Жастардың төрттен үш бөлігінен астамы (95 жауаптың $n=74$ -і, 78%) және ересектердің 86%-ы (69 жауаптың $n=59$) бәс тігу спорттың қалыпты бөлігіне айналды деп ой айтқан [9].

Бұл зерттеумен танысу, мен үшін спортты насихаттау барысында, екінші тараптан жаңа бір мәселені де ойлауды еске салды. Қоғамда жастар әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, демеушілік пен жарнама, сондай-ақ жарнама арқылы құмар ойындарының жарнамасына ұшырайды. Тікелей спорт кезінде теледидардағы жарнамаға ішінара тыйым салу Қазақстанда кеңінен ұсынылып, қолдау көрсетілу керектігін, соның ішінде адам денсаулығына зиян келтіретін темекі, ішімдік т.б. заттардың демеушілік етпеуін ескеруі керек.

Қазақстандық әдебиеттерде бұқаралық спорт тақырыбы бойынша зерттеулер аздығынан аталмыш тақырып бойынша жоғарыда келтірген шетелдік әдебиеттерге де шолу жасалды. Қорытындылай келе, бұқаралық спорттың көптеген әлеуетті пайдасы бар, соның ішінде денсаулықты жақсарту, қоғамды біріктіру және экономикалық даму. Дегенмен, халықтың жүйелі дене шынықтырумен айналысуға мүмкін болатын кедергілер жойылуы керек және бұқаралық спорттық іс-шараларды ілгерілету және қатысу көрсеткіштерін арттыру үшін стратегиялар жүзеге асырылуы керек.

Зерттеуші Д.Сейдишова өз зерттеуінде бұқаралық спорттың адами капиталды жетілдіруге қажетті функциялар атқаратындығын, сонымен қатар қоғамның белсенділік әлеуетін көтеруге мүмкіндік беретін әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырған.

Бұқаралық спортты дене тәрбиесі мен адамның өзін-өзі тәрбиелеу, қимыл-қозғалыс жиынтығы нәтижесіндегі физикалық жаттығулардың және табиғат күштерін пайдалану арқылы сергіту ойындарының кешенді шаралары ретінде

көрсеткен.

Емдік гимнастика түрлерін, фитнес пен өндірістік гимнастиканы, қарапайым туризмнің түрлерін, ашық аспан аясындағы әр-түрлі сергіту ойындарын, жаяу жүру мен велосипедпен серуендеуді, жеңіл және ауыр атлетикамен айналысуды, қыс мезгіліндегі шаңғымен жүруді, жүгіруді бұқаралық спорт саласының тармақтарына кіргізген.

Бұқаралық спорт танымы – емдеудің кешенді жаттығуларымен шұғылдануға қарсы көрсетілімдері жоқ, айналысатын адамдардың басты мақсаты жарыстарға қатысып, спорттық атақ алу емес, шұғылданушылар тек физикалық тұрғыда өзін-өзі жетілдіру мақсатында спорттың қандай да бір түрімен немесе физикалық жаттығулармен айналысу жүйесі деп қарастыруға болады [10].

Н.Әлиеваның спорт резервін қалыптастырудағы бұқаралық спорттың рөлі зерттеу жұмысында «Спорт» ұғымының теориялық аспектілеріне тоқтала отырып, дене тәрбиесімен айналысуда ойын сипатына ие тәлім берудің әлеуметтік институты ретінде қарастырған. Зерттеу барысында спорттың бұқаралық сипат алуына үстел теннисінің үлгісін алған. Аталмыш спортты дамыту бойынша ұсыныстарын көрсеткен [11].

Ұлттық деңгейде әдетте екі жан-жақты саяси мақсат қойылады: халықтың спортқа белсенді қатысуын кеңейту және жоғары жетістіктер спортының (элиталық спорт) жетістіктерінің сапасын арттыру. Екі жағдайда да спорт төмендегідей мәселелерді қамтамасыз етеді. Біріншісі, әлеуметтік салаға ықпал ету. Атап айтқанда, интеграция, қылмыстың алдын алу, қоғам тұрақтылығы, білім деңгейін көтеру және денсаулыққа келетін қауіпті азайту. Екіншісі, элиталық спорттағы жетістіктер ұлттық мақтаныш сезімін арттыруға, елдің сыртқы саясатта оң ұлттық имиджін қалыптастыруға, спорттық жарыстарға қатысуды ынталандыруға әкеледі [12].

Элиталық спорт – ең жоғары спорттық нәтижелерге, рекордтарға қол жеткізуге және кез-келген жағдайда жеңіске жетуге немесе ірі спорттық жарыстарда жоғары нәтиже көрсетуге бағытталған [13].

Осы бөлімде бұқаралық спорт түсінігінің мәнін анықтауға да, тұрғындарды жүйелі спортпен қамтамасыз ету тетіктеріне де қатысты ғылыми және академиялық сипаттағы негізгі ойлар берілген. Қарастырылып отырған анықтамалар мен реттеу әдістері бұқара халықты спортқа жаппай жұмылдыруға, салауатты қоғамды қалыптастыру барысында тиімді саясат жүргізудің мәні мен маңыздылығын түсінуге мүмкіндік береді.

Келесі қортындыларды жасауға әдеби шолудың нәтижесінде мүмкіндік алдық:

Саламатты өмір салтын ұстану ұлт денсаулығын көтерудің негізі.

Бұқаралық спортты дамытудың тиімді жолы дұрыс кадрлық саясат, нормативтік құқықтық база мен бұқаралық спорттың дамуына кедергі келтіретін тәуекелдерді анықтау және оларды шешу жолдарын анықтауға мүмкіндік беретін қадамдардан тұрады.

Әдебиеттерге шолудың нәтижелеріне қарай, біріншіден, «топтама»

принципі бойынша бұқаралық спорттың дамуына кедергі келтіруі мүмкін мәселелерді ескеріп, алдын алу тетіктері қарастырылып, талдау жасалатынын атап өткен жөн. Екіншіден, авторлар бұқаралық спорттың дамуы адами капиталды жетілдірудің маңызды алғышарты екенін жеткізгісі келді.

Зерттеу әдістері

Жалпы алғанда, зерттеу жұмысым бұқаралық спорттың мәнін, сондай-ақ тұрғындардың жүйелі спортпен шұғылдануын, саламатты өмір салтын қалыптастыру бойынша маңыздылығын терең түсінуге бағытталған. Сонымен қатар, зерттеу бұқаралық спортты дамыту тетіктерін кеңейту жағдайында дене шынықтырумен айналысатын халықтың үлес салмағын арттыруды мақсат етіп қойып отыр. Сол себептен де зерттеуде сапалы зерттеу әдістері қолданылады.

Silverman әдісіне сүйенетін болсақ тек сапалы зерттеу тәсілі қарастрып отырған тақырыпты кеңірек ашуға, зерттеу объектісіне барынша зерттеушінің жақындау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Сапалы зерттеу тәсілі бұл тақырып аясында жоғарыдағы аталған мақсаттарға қол жеткізу барысында ең лайық және ыңғайлы зерттеу әдісі болып табылады.

Сонымен қатар, зерттеуімде қол жеткізетін нәтижелерімнің шынайылығын арттыру үшін мәліметтерді жинау бірнеше әдістер бойынша анықталды.

Сапалық деректерді жинап, талдау арқылы түсіндіруге көмектесетін «теориялық линзаны» пайдаландым. «Теориялық линза» әдіснамасы деп қоғамға және адамның мінез-құлқына теориялық көзқарас тұрғысынан қарауды білдіреді. Мысалы, дене шынықтыру теориясы қоғамымыздағы жақсы дене қимыл-қозғалысы бар адамдарды қарастыра отырып, дене тәрбиесінің заңдылықтарын тануға деген ұмтылысты сипаттайды, осы негізде адам денесін жетілдіруді басқару мәселесін көтереді.

Екіншіден, зерттеуімде белгілі бір теорияның рөлін ғана атап өтпей, жеке пайымым мен тәжірибемді таныту үшін де «концептуалдық ая» терминін пайдалануды жөн көрдім. Әлеуметтік бақылаудың теориялық негізі, өзгерістерді басқару теориясы немесе қоғамдағы ұйымдардың қызмет етуінің әлеуметтік анықтамасы сапалы зерттеулердің концептуалды аясы бола алады.

Сонымен қатар, зерттеудің эмпирикалық базасын құрайтын спорт саласындағы еліміздегі және халықаралық сарапшылармен (Басқарма басшылары, спорттық қауымдастықтар басшылары, жетістігі бар спортшылар т.б.) тереңдетілген сұхбаттар (*Qualitative Interviews*) жүргізілді.

Кесте 1 – Сарапшыларды санаттық топтар бойынша бөлу

Санаттық топ	Сарапшылар саны
Әкімшілік мемлекеттік қызметшілер	3
Спорттық қауымдастық	1
Спорттық ұйымдар	1
Спортшылар	1
Түркия	1
<i>Барлығы</i>	<i>7</i>
Ескертпе – автормен [19] дереккөз негізінде құрастырылған	

Тереңдетілген сұхбат – сұхбат берушілердің аз санымен негізгі идеяларды, стратегиялар мен бағдарламаларды, зерттеліп отырған құбылысты танудың басты дереккөзі. Атап айтқанда, зерттеуші түрлі санаттағы қатысушылардың тәжірибеге немесе белгілі бір құбылысқа кәсіби тұрғысынан не әлеуметтік рөлі тұрғысынан көзқарастарын анықтауға бағытталған сапалы әдіс.

Зерттеулерде кеңінен тараған сұхбаттың төмендегідей үш типі кездеседі:

Құрылымдалған / стандартталған

Жартылай құрылымдалған

Құрылымдалмаған / бейресми.

Зерттеуімде нақты мәліметтерді жинақтауға байланысты жартылай құрылымдалған типі қолданылды. Сұхбаттың басым бөлігі сұрақтар тізбесіне сәйкес жүргізілгенімен, алдын ала реті белгіленбеді. Бұл сұхбат барысындағы қатысушының көзқарасына, тақырып бойынша қалыптасқан жаңа идеяларға жауап беруге, зерттеуші ретінде әлеуметтік шындықты дұрыс түсінуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, компьютерлік коммуникацияның Zoom, Skype сияқты құралдарын пайдалану арқылы онлайн-сұхбат жүргізілді. Онлайн сұхбат – зерттеушіге географиялық жағынан шектеу болмайды және платформада сақталғандықтан пайдалы бейнежазбаларды кейін пайдалануға мүмкіндік болады.

Неғұрлым тиімді нәтижеге жету үшін, сарапшыларға төмендегідей бірнеше талаптар қойылды:

Жоғары білімінің болуы;

Спорт саласында немесе бұқаралық спортты дамыту бойынша аналитикалық жұмыс тәжірибелерінің болуы.

Жалпы әңгімелесулер үш тақырыптық блок бойынша жүргізілді: ұғымдар бойынша ақпарат, бұқаралық спортты дамытудағы кедергілер, ұсыныстар мен тілектер.

Зерттеу тақырыбымның ауқымына, табиғаты мен мақсатына сәйкес іс-әрекетті зерттеу әдіснамасында қолдандым. Іс-әрекетті зерттеу – ол, тәжірибиелерді жетілдіру үшін зерттеушінің өз әрекетін жүйелі түрде зерттеуі деген анықтама беруге болады. Бұл әдіс қоғамдық әрекеттің түрлі формаларын және олардың өзара ықпалын салыстырмалы түрде түсінуге және қоғамды әрекетке итермелеуге бағытталған [14].

Заңнамалық актілер мен нормативтік құжаттарды талдауға жүйелік-аналитикалық әдіс қолданылды.

Бұқаралық спорттың дамуы бойынша халықаралық тәжірибені талдау барысында салыстырмалы талдау және синтез әдісі қолданылды. Жүргізілген зерттеуде еліміздегі бұқаралық спорттың дамуы жағдайын екжей-текжейлі зерттеп сипаттауға және түсіндіріп беруге, практикалық мәселелерді шешуге бағытталған ұсыныстардың сапалық бөліктерін кеңірек сипаттауға кейс-стади әдісі қолданылды.

Талдау және зерттеу нәтижелері

Президенттің жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларында берілген тапсырмаларды орындау спорт ұйымдарының бұқаралық спортты дамыту бойынша нақты шаралар қабылдап, дене тәрбиесі және жүйелі спортпен шұғылданушылардың санын арттыруды қамтамасыз ету болатын. Қабылданға шаралар тұрғындардың жүйелі дене тәрбиесімен айналысу республиканың барлық дерлік өңірлерін динамикалы дамуына мүмкіндік берді.

Дене шынықтыру мен спорт саласының қарқынды дамуы ең әуелі дұрыс жүргізілген кадрлық саясаттан басталады.

Бұқара халықтың жаппай дене шынықтырумен айналысуының басты кепілі сала кадрларының дұрыс жүргізілген жүйесінде.

2021 жылғы статистикалық мәліметке сүйенсек аталған салада жұмыс істейтін штаттық дене шынықтыру қызметкерлер саны – 62923 адамды құрады. Бұл 2020 жылғы деңгейден 4787 адамға нақтыласақ 8,2 %-ға арқан. Ауылдық өңірлерде 28373 спорт қызметкерлері немесе жалпы санының 45,1 % (2020 жылы – 25 285, 10,8 % артық) жұмыс жасайды.

Сонымен қатар, кадрлар санының өзгеру динамикасының бірқалыпсыздығы байқалады. Осылайша, штаттық дене шынықтыру қызметкерлерінің санының өсуі бойынша көшбасшылары Алматы обл. (+730), Шымкент қ. (+864). Оның ішінде, ауылдық жерлердегі штаттық қызметкерлердің артуы Ақмола обл. (+702), Алматы обл. (+612).

2022 жылдың қыркүйек айындағы жағдай бойынша Ұлттық спорт қауымдастығы аясында көкпар, бәйге, теңге ілу, жамбы ату, аударыспақ, құсбегілік сияқты 6 федерация жұмыс жасайды. Соңғы алты жылдағы жұмсалған қаражат көлемі 1,2 млрд теңге (2017 жыл – 392,3 млн; 2018 жыл – 329,2 млн; 2019 жыл – 136,6 млн; 2020 жыл – 69,2 млн; 2021 жыл – 99 млн; 2022 жыл – 148,5 млн).

Кесте 2 – Кадрлар бойынша ақпарат

№ п.п	Облыс	Барлығы 2020ж.	Барлығы 2021ж.	+/-	О.і. ауылдық жерлерде 2020ж.	О.і. ауылдық жерлерде 2021ж.	+/-
1.	Ақмола	2240	2479	+239	1224	1926	+702
2.	Ақтөбе	3072	3330	+258	1126	1308	+182
3.	Алматы	5736	6466	+730	4098	4710	+612
4.	Атырау	1945	2239	+294	877	1034	+157
5.	ШҚО	3860	4100	+240	1751	1942	+191
6.	Жамбыл	3783	4075	+292	2044	2263	+219
7.	БҚО	2308	2448	+140	1130	1252	+122
8.	Қарағанды	3404	3726	+322	994	1228	+234
9.	Қызылорда	3105	3396	+291	1795	2029	+234
10.	Қостанай	2792	2984	+192	1264	1424	+160

Кесте 2-нің жалғасы

11.	Маңғыстау	2633	2809	+176	1345	1612	+267
12.	Павлодар	3184	3476	+292	1246	1398	+152
13.	СҚО	1767	1808	+41	1058	1100	+42
14.	Түркістан	6953	7303	+350	5333	5667	+334
15.	Алматы қ.	5175	5206	+31	-		
16.	Астана қ.	3368	3403	+35	-		
17.	Шымкент қ.	2811	3675	+864	-		
	Барлығы:	58 136	62923	4787	25 285	28373	+3608
Ескертпе – [15] дереккөз негізінде құрастырылған							

Барлық дене шынықтыру қызметкерлер санының білімі бар 59 040 адам (2020ж. – 54 801 адам, 4239 адамға өсті), оның ішінде, жоғары дене шынықтыру білімді 51918 адам (2020ж. – 48231 адам, 3687 адамға өсті), орташа мамандандырылған білімді 7122 адам (2020ж. – 6 570 адам, 552 адамға өсті).

Ауылдық жерлердегі дене шынықтыру білімі бар жұмыс істейтін қызметкерлер саны – 26989 адамды құрады (2020ж. 24 283 адам, 2706 адамға өсті), оның ішінде, жоғары дене шынықтыру білімі бар – 23311 адам (2020ж. – 20 899 адам, 2412 адамға өсті), орташа мамандандырылған дене шынықтыру білімі бар – 7122 адам (2020ж. - 3 384 адам, 3738 адамға өсті).

Облыстар қиылысында, жоғары дене шынықтыру білімі бар қызметкерлер санының барынша өсуі Алматы обл. (+498), Маңғыстау обл. (+347), Шымкент қ. (+390) байқалады.

Облыстар қиылысында орташа мамандандырылған дене шынықтыру білімі бар қызметкерлер санының барынша өсуі Алматы облысында (+224); төмендеуі Қызылорда обл. (-48).

Кесте 3 – Дене шынықтыру білімі бар қызметкерлер саны

Облыс	Дене шынықтыру білімі бар 2020ж.				Дене шынықтыру білімі бар 2021ж.			
	жоғары		орташа- мамандырылған		жоғары		орташа- мамандырылған	
	барлығы	ауылдық жерде	барлығы	ауылдық жерде	барлығы	ауылдық жерде	барлығы	ауылдық жерде
Ақмола	1778	894	312	230	1926	978	349	265
Ақтөбе	2223	799	768	317	2311	848	856	339
Алматы	5160	563	438	409	5658	4041	662	531
Атырау	1426	669	149	108	1702	793	170	122

Кесте 3-тің жалғасы

ШҚО	3267	1388	593	363	3482	1579	618	363
Жамбыл	3265	1811	310	190	3483	1955	318	195
БҚО	1804	869	454	238	1938	959	459	272
Қарағанды	2862	783	438	181	3175	1013	459	192
Қызылорда	2694	1558	359	217	3024	1768	312	175
Қостанай	2300	957	383	273	2463	1074	438	327
Маңғыстау	1496	875	740	380	1843	1167	766	379
Павлодар	1663	691	305	206	1845	783	331	231
СҚО	1413	807	288	196	1461	854	284	189
Түркістан	6832	5236	96	77	7122	5500	120	99
Алматы қ.	4719	0	104	0	4749	0	105	0
Астана	2576	0	784	0	2594	0	801	0
Шымкент қ.	2754	0	50	0	3144	0	75	0
Барлығы:	48231	20899	6570	3384	51919	23311	7122	3678
Ескертпе – [15] дереккөз негізінде құрастырылған								

Бүгінгі күні спорт түрлері бойынша жаттықтырушылар саны 13701 адамды құрады, олардың ішінде 4114 ауылдық жерлерде. Жоғары білімі бар спорт түрлерінен жаттықтырушылар саны 11813 (ауылда 3435), орташа мамандандырылған білім бар жаттықтырушылар саны 1660 (ауылда 586). 13 701 спорт түрлері бойынша жаттықтырушылардың 228-де білімдері жоқ, бұл жалпы санының 2,9 % құрайды.

Жергілікті атқарушы органдардың мәліметтері бойынша, қазіргі таңда республика бойынша 7045 жалпы білім беретін мектептер бар, онда 30537 мұғалім-оқытушылар жұмыс жасайды (ауылда 18502). Жалпы білім беретін мектептерде жоғары білімі бар 27171 (ауылда 16300), орташа мамандандырылған білімі бар 3 358 (ауылда 2188). Жалпы білім беретін мектептердің 30537 мұғалімінің 8-де дене шынықтыру білімі жоқ, бұл жалпы санынан 0,1 % құрады.

Кесте 5 – Жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдер саны

	Облыс	Жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдер саны					
		Мұғалімдер саны	О.і. ауылда	Жоғары білімді		Орташа мамандандырылған білімді	
				барлығы	ауылда	барлығы	ауылда
1.	Ақмола	1303	949	1068	746	233	201
2.	Ақтөбе	1642	855	1212	626	430	229

Кесте 5-тің жалғасы

3.	Алматы	4493	3692	4097	3372	396	320
4.	Атырау	977	619	866	537	111	82
5.	ШҚО	1845	1078	1546	869	299	209
6.	Жамбыл	2431	1583	2241	1459	190	124
7.	БҚО	1176	736	1037	612	139	124
8.	Қарағанды	1543	701	1251	544	266	131
9.	Қызылорда	1972	1231	1815	1160	157	71
10.	Қостанай	1151	723	978	585	171	137
11.	Маңғыстау	1362	983	1007	740	385	266
12.	Павлодар	996	548	813	420	175	120
13.	СҚО	891	689	756	576	135	113
14.	Түркістан	4924	4115	4850	4054	74	61
15.	Алматы қ.	1 457	-	1 389	-	68	-
16.	Нұр-Сұлтан	785	-	665	-	120	-
17.	Шымкент қ.	1589	-	1580	-	9	-
	Барлығы	29 080	18 502	27 171	16 300	3 358	2 188
Ескертпе – [15] дереккөз негізінде құрастырылған							

Жалпы білім беретін мектептерде дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері дене шынықтыру қызметкерлерінің жалпы санының 48,7 %-ды құрайды, ал 23 %-ы спорт түрлерінен жаттықтырушы-оқытушылар болып табылады, спорттық әдіскерлер саны - 3,6 %, спорт нұсқаушылар - 5,3 %, қалған 18,4 % – ОМОО, ЖОО дене шынықтыру пәні мұғалімдері және дене шынықтыру және спорт саласындағы басқа да қызметкерлерді құраған.

Республикада тұрғылықты жерлері бойынша 1982 спорт әдіскерлері жұмыс жасайды, оның ішінде ауылдық жерлерде 843 адам.

Спорт әдіскерлермен қамтылудың жоғары көрсеткіші Қостанай облысында – 335, Қызылорда облысында – 226, Түркістан облысында – 202, Шымкент қ. – 154 және 2021 жылғы ең төменгі көрсеткіш Солтүстік Қазақстан облысында – 30. Алматы облысында спорт әдіскерлердің бірліктері жоқ екендігін атап өткен жөн.

Ауылдық жерлердегі спорт әдіскерлерінің жоғарғы көрсеткіші Қостанай облысында – 224, Қызылорда облысында – 168, Түркістан облысында – 109, ең төменгі көрсеткіш Солтүстік Қазақстан облысында – 8 бірлік.

Сапалық құрамы бойынша 1982 спорт әдіскердің 1996 адамда дене шынықтыру білімі бар, оның ішінде жоғары білімді 1718 адам. Ауылдық жерлерде 843 спорт әдіскердің, оның ішінде жоғары білімді 721 адам.

Кесте 6 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша білімі барлар саны

	Облыс	Саны		«Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша білімі бар			
		барлығы	о.і. ауылды жерлерде	Жоғары		Орта-маманданған	
				барлығы	о.і. ауылды жерлерде	барлығы	о.і. ауылды жерлерде
1.	Ақмола	77	20	103	54	42	29
2.	Ақтөбе	94	26	80	24	11	
3.	Алматы						
4.	Атырау	74	23	45	14	3	3
5.	ШҚО	91	34	68	25	23	9
6.	Жамбыл	128	53	118	45	10	8
7.	БҚО	74	22	97	51	6	18
8.	Қарағанды	106	20	91	17	14	2
9.	Қызылорда	226	168	186	140	35	28
10.	Қостанай	335	224	250	151	79	71
11.	Маңғыстау	84	49	62	43	15	6
12.	Павлодар	151	87	92	40	23	16
13.	СҚО	30	8	29	8	2	1
14.	Түркістан	202	109	202	109		
15.	Алматы қ.	72		72			
16.	Астана	84	-	69		15	
17.	Шымкент қ.	154	-	154	-	-	-
	Барлығы:	1982	843	1718	721	278	191
Ескертпе – [15] дереккөз негізінде құрастырылған							

Республикада тұрғылықты жері бойынша 5610 спорт бойынша нұсқаушы жұмыс жасайды, оның ішінде ауылдық жерлерде 3065 спорт нұсқаушы.

Ең жоғарғы спорт нұсқаушы саны Алматы қ. – 969, Қарағанды облысы облысында – нда – 543, Алматы облысында – 400, Павлодар облысында – 455 және ең төмен көрсеткіш Нұр-Сұлтан қаласында – 167 байқалады.

Ауылдық жерлердегі спорт нұсқаушысының жоғарғы көрсеткіші Алматы облысында – 400, Павлодар Қазақстан облысында – 271, Ақмола облысында – 230, ең төменгі көрсеткіш БҚО – 7.

Сапалық құрамы бойынша 5610 спорт нұсқаушының дене шынықтыру білім бар 4679 адам, оның ішіндегі жоғары білімді – 3706 адам. Ауылдық жерлерде 3065 нұсқаушының 2337 адамда дене шынықтыру білімі бар, оның ішінд жоғары білімді – 1708 адам.

Кесте 7 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша білімі барлар саны

	Облыс	Саны		«Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша білімі бар			
		Барлығы	о.і. ауылды жерлерде	Жоғары		Орта-мамандан.	
				Барлығы	о.і. ауылды жерлерде	Барлығы	о.і. ауылды жерлерде
1.	Ақмола	302	230	103	54	42	29
2.	Ақтөбе	311	200	112	55	88	33
3.	Алматы	400	400	107	104	178	178
4.	Атырау	178	130	129	101	16	15
5.	ШҚО	347	230	310	224	37	6
6.	Жамбыл	233	202	104	86	19	18
7.	БҚО	185	165	115	105	62	60
8.	Қарағанды	543	295	432	259	72	31
9.	Қызылорда	178	150	102	30	59	42
10.	Қостанай	387	220	263	127	109	85
11.	Маңғыстау	209	191	170	135	34	14
12.	Павлодар	456	272	346	193	81	66
13.	СҚО	219	211	127	119	49	44
14.	Түркістан	216	170	174	117	10	9
15.	Алматы қ.	969	-	775		21	
16.	Астана	167	-	109		58	
17.	Шымкент қ.	311	-	229		39	
	Барлығы:	5610	3065	3706	1708	973	629
Ескертпе – [15] дереккөз негізінде құрастырылған							

Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ 2021 жылғы есептеулер бойынша елімізде жүйелі түрде спортпен 6 534 935 адам шұғылданады, яғни халқымыздың 34,2 % құрайды. 2020 жылмен салыстырғанда спортпен айналысатындар саны 9,3 % - 581 082 адамға өскен.

Шұғылданушылар бойынша ең жоғарғы көрсеткіш Маңғыстау облысында (37,4 %), ең аз көрсеткіш Шымкент қаласында (32,02%) байқалды.

Кесте 8 – Республика бойынша шұғылданушылар саны

	Өңірлер	Халық саны 01.10.2020ж	Шұғылданушылар	Пайыз
1	Астана	1 223 374	406551	33,24
2	Алматы	2 012 615	661814	32,89
3	Шымкент	1 104 760	353753	32,03
4	Ақмола	735 265	262708	35,74
5	Ақтөбе	903 518	312273	34,57
6	Алматы	2 099 987	723853	34,48
7	Атырау	665 288	240961	36,23
8	БКО	664 659	232860	35,03
9	Жамбыл облысы	1 147 466	405572	35,34
10	Қарағанды облысы	1 372616	456840	33,28
11	Қостанай облысы	859 846	297684	34,62
12	Қызылорда облысы	824 791	280433	34,00
13	Маңғыстау облысы	734 985	274979	37,41
14	Туркестан облысы	2 066 567	718004	34,74
15	Павлодар облысы	748 613	254954	34,06
16	СҚО	539 386	186088	34,50
17	ШҚО	1 358 941	465617	34,26
	Жалпы	19 062 666	6534935	34,28
	Республика бойынша %			34,2
	Республика бойынша жоспар			34
Ескертпе – [15] дереккөз негізінде құрастырылған				

Дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын халықтың барынша белсенді бөлігі жалпы білім беретін мектептердің оқушыларына келеді. Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданумен мектеп жасындағы 1 938 598 бала қамтылған, бұл барлық оқушылардың 58,0% (3 337,7 оқушы) құрайды.

Кесте 9 – Мектеп жасындағы шұғылданушылар саны

	Өңірлер	2020 жыл		2021 жыл		+/- 2020/2021	
		Мектеп тер саны	Шұғылданушылар саны	Мектеп тер саны	Шұғылданушылар саны	мектептер	шұғылданушылар
1	Ақмола	509	60329	523	61530	+14	+1201
2	Ақтөбе	408	63485	408	73363	0	+9878
3	Алматы	760	311247	762	351922	+2	+40675

Кесте 9-дың жалғасы

4	Атырау	196	66926	196	69846	0	+2920
5	ШҚО	660	169875	660	194774	0	+24899
6	Жамбыл	442	110674	443	120558	+1	+9884
7	БҚО	357	87944	356	90928	-1	+2984
8	Қарағанды	515	79533	515	82298	0	+2765
9	Қызылорда	300	74495	310	84288	+10	+9793
10	Қостанай	462	41380	454	42212	-8	+832
11	Маңғыстау	142	54691	150	57006	+8	+2315
12	Павлодар	347	44567	347	57224	0	+12657
13	СҚО	470	23981	467	24588	-3	+607
14	Түркістан	889	230134	895	254571	+6	+24437
15	Алматы қ.	273	209071	273	209071	0	0
16	Астана	110	103809	144	110504	+34	+6695
17	Шымкент қ.	146	206457	142	202122	-4	-4335
	Барлығы	6986	1938598	7045	2 048284	+59	+109686
Ескертпе – [15] дереккөз негізінде құрастырылған							

2021 жылдың қорытындысы бойынша республикада 183 756 балалар мен жасөспірімдерді қамтыған 652 балалар-жасөспірімдер клубтары (БЖК) (2020 жылы – 602), 119 балалар-жасөспірімдер дене дайындығы клубтары (БЖДДК) (2020 жылы – 119) жұмыс жасайды.

2020 жылмен салыстырғанда БЖК саны 16 бірлікке ұлғайды. Алматы қаласында +14, Маңғыстау облысында +13, ал ШҚО-да теріс динамиканы байқауға болады -26.

Шұғылданушылар саны бойынша БЖК-да +27940 адамға, оның ішінде ауылда 10632 адамға артқаны байқалады. Шұғылданушылар санының ең жоғарғы өсімі қамтамасыз етілгендер Түркістан облысында – 7569 адам, Маңғыстау облысында – 7434 адам, ауылдық жерлерде шұғылданушылар санының өсуін Түркістан облысында – 3497 адамға, Маңғыстау облысында – 3568 адам, бұл ретте БЖК шұғылданушылар санының төмендеуі Қарағанды облысында - 315 адам, Жамбыл облысы – 441 адам.

Кесте 10 – Балалар-жасөспірімдер клубтарындағы шұғылданушылар саны

		Саны				20/2021		Шұғылданушылар			
		2020		2021		+/-		2020		2021	
		Барлығы	Ауылда	Барлығы	Ауылда	Барлығы	Ауылда	Барлығы	Ауылда	Барлығы	Ауылда
1	Ақмола	14	5	15	7	+1	2	3 523	450	4096	1404

Кесте 10-ның жалғасы

2	Ақтөбе	90	11	90	11	0	0	70 771	1687	70771	1687
3	Алматы	30	16	32	16	+2	0	12185	9134	15240	11372
4	Атырау	8	1	8	1	0	0	2998	308	3200	353
5	ШҚО	81	5	55	5	-26	0	5920	211	5920	211
6	Жамбыл	23	14	23	14	0	0	5936	4788	5495	4208
7	БҚО	23	1	23	1	0	0	3367	88	3917	88
8	Қарағанды	10		10		-4	2	13114	909	12799	1020
		9	18	5	20						
9	Қызылорда	11	1	15	3	+4	2	1239	650	2596	426
10	Қостанай	29	8	29	8	0	0	3034	692	3276	543
11	Маңғыстау	42	18	55	18	+13	0	7070	4320	14504	7888
12	Павлодар	39	6	39	6	0	0	3790	356	3569	1067
13	СҚО	35	13	36	13	+1	0	6168	3378	6477	3839
14	Түркістан	36	19	39	20	+3	1	4803	2975	12372	6472
15	Алматы қ.	-	-	14		+14	0	-	-	5000	
16	Астана	20	-	20		0	0	8798	-	8877	
17	Шымкент қ.	12	-	20		+8	0	3100	-	5647	
	Барлығы:	60	13	61	14	16	7	155 816	29	183696	40578
		2	6	8	3				946		
Ескертпе – [15] дереккөз негізінде құрастырылған											

БЖДДК саны 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда 54 бірлікке өсті, сонымен қатар Ақтөбе облысында +9 БЖДДК ашылды,

БЖДДК шұғылданушылар саны бойынша 6168 адамға өсу байқалады, о.і. ауылдық жерлерде 1507 адамға өсу байқалады. БЖДДК шұғылданушылар санының өсуі Ақтөбе облысында +4073 адам, Атырау облысында +611 адам, Алматы қ. +1200 адам, Қарағанды облысында +5 адам, Нұр-Сұлтан қ. +21 адам, ауылдық жерлерде шұғылданушылар санының артуы Қостанай облысында +409 адам, Атырау облысында +911 адам, Қарағанды облысы +85 адам, сонымен қатар, БЖДДК шұғылданушылар санының төмендеуі Ақмола облысында – 239 адам, о.і. ауылдық жерлерде төмендеу – 270 адам, ШҚО-да - 405

Сонымен қатар, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Жамбыл және Түркістан облыстарында және Алматы қалаларында БЖДДК жоқ екенін атап өтеміз.

Кесте 11 – Балалар-жасөспірімдер спорт мектебіндегі шұғылданушылар саны

		Саны				2020/2021		Шұғылданушылар			
		2020		2021		+/-		2020		2021	
		Барлығы	Ауылда	Барлығы	Ауылда	Барлығы	Ауылда	Барлығы	Ауылда	Барлығы	Ауылда
1	Ақмола	4	3	4	1	0	-2	1850	726	1611	456
2	Ақтөбе	-	-	9	2	+9	+2	-	-	4073	632
3	Алматы	16	15	16	15	0	0	1485	1335	1600	1450
4	Атырау	7	5	7	5	0	0	5887	3987	6498	4898
5	ШҚО	2	1	0	0	-	-	405	405	0	0
6	Жамбыл	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
7	БҚО	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
8	Қарағанды	22	8	22	9	0	+1	4917	1017	4922	1102
9	Қызылорда	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
10	Қостанай	51	11	55	14	0	+3	9580	2083	10409	2492
11	Маңғыстау	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
12	Павлодар	1	1	1	1	0	0	240	240	240	240
13	СҚО	11	7	11	7	-	-	4584	4022	4536	4052
14	Түркістан	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
15	Алматы қ.	-	-	8	-	-	+8	-	-	1200	-
16	Астана	4	-	4	-	-	-	576	-	597	-
17	Шымкент қ.	1	-	-	-	-	-	952	-	958	-
Барлығы:		119	51	138	54	+9	+3	30476	13815	36644	15322
Ескертпе – [15] дереккөз негізінде құрастырылған											

Спортшылар резервін қалыптастыру үшін балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің маңызы зор. Себебі, жоғарғы дәрежелі спортшылар балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде алғашқы дайындықтарын бастайды. Сонымен қатар, БЖСМ – нің мақсаты мен міндеттеріне спорт резервін даярлау ғана жатпайды, жасөспірім атлеттердің спорттық шеберлігін арттыра отырып, халық арасында бұқаралық спортты дамыту болып табылады.

Республикада 2020 жылдың қорытындысы бойынша 477 БЖСМ жұмыс істейді, оның ішінде 129 (27%) олимпиада резервінің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі (ОРМБЖСМ). 3 жаңа БЖСМ ашылды: Жамбыл обл. – 3 бірлік, Қарағанды обл. – 1 бірлік.

477 БЖСМ-де 367 727 балалар мен жасөспірімдер айналысады. 2019 жылмен салыстырғанда (357 065 адам) бұл көрсеткіш 10 662 адамға немесе 3% - ға өсті.

477 БЖСМ – де Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі

спорт шеберлері 330 спортшы (ҚР ХДСШ), Қазақстан Республикасының спорт шеберлері 2126 спортшы (ҚР СШ), спорт шеберіне кандидат 17357 спортшы (СШК), 1-разрядты 11139 спортшыны құрайды.

БЖСМ-де 13 666 жаттықтырушы-оқытушы жұмыс істейді, 2019 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 414 адамға немесе 3,04% - ға өсті.

Кәсіби клубтар саны республика бойынша 123 бірлік, онда дене шынықтырумен және спортпен 36834 адам шұғылданады. 2019 жылмен салыстырғанда кәсіби клубтар саны 10 данаға азайды, ондағы шұғылданушылар саны +461 адамға артты.

Кесте 12 – Кәсіби клубтардағы шұғылданушылар саны

	Облыстың атауы	Саны				
		Кәсіби клубтар	БЖСМ	Кәсіби клубтарда шұғылданушылар	БЖСМ шұғылданушылар	О.і. ауылда
1.	Ақмола	4	29	502	15133	5461
2.	Ақтөбе	4	31	579	18989	9681
3.	Алматы	3	41	120	38880	14845
4.	Атырау	7	17	2210	13423	7668
5.	ШҚО	14	37	4634	29179	21224
6.	Жамбыл	6	38	1837	26080	19953
7.	БҚО	2	23	829	13384	7799
8.	Қарағанды	3	42	735	32204	7662
9.	Қызылорда	4	21	934	20516	12594
10.	Қостанай	5	32	1001	20474	8645
11.	Маңғыстау	4	19	1321	16705	7197
12.	Павлодар	8	22	345	25537	7583
13.	СҚО	8	27	450	13196	6516
14.	Түркістан	5	59	393	48985	33605
15.	Алматы қ.	22	10	10 377	13800	0
16.	Астана	20	11	8913	8032	0
17.	Шымкент қ.	4	18	1654	13210	0
	Барлығы	123	477	36 834	367727	170433
Ескертпе – [15] дереккөз негізінде құрастырылған						

2019 жылмен салыстырғанда ОББО 3 бірлікке өсті (2019ж. – 759 бірлік), сәйкесінше студенттер саны 20 465 адамға азайды (2019ж. – 489 818 студент), бұл ретте орташа білім беру оқу орындарындағы шұғылданушылар саны 16 633 адамға азайды (2019ж. – 26 7501 шұғылданушы).

Кесте 13 – Орташа білім беру оқу орындарындағы шұғылданушылар саны

	Облыстың атауы	Саны			О.і. ауылда
		ОББО	студенттер	шұғылданушылар	
1.	Ақмола	33	20 965	9273	1262
2.	Ақтөбе	44	24 651	10181	747
3.	Алматы	76	31 456	26509	9013
4.	Атырау	23	14 465	13546	1951
5.	ШҚО	78	33 692	25212	3450
6.	Жамбыл	44	24 487	18339	1291
7.	БҚО	36	17 351	9940	2078
8.	Қарағанды	68	37 500	16437	836
9.	Қызылорда	31	20 131	12877	2238
10.	Қостанай	36	21 899	8705	1578
11.	Маңғыстау	24	19 196	7452	1491
12.	Павлодар	44	20 528	8175	1007
13.	СҚО	23	10 910	3858	1331
14.	Түркістан	47	48 386	18380	5782
15.	Алматы қ.	83	66 107	30 824	-
16.	Астана	35	25 340	19865	-
17.	Шымкент қ.	37	26 848	11295	-
	Барлығы:	762	469 353	250868	34055
Ескертпе – [15] дереккөз негізінде құрастырылған					

Жергілікті атқарушы органдардың статистикалық мәліметтеріне сәйкес республикада 129 жоғары оқу орны бар, онда 604 345 студенттер оқиды (2019ж. – 542 458 адам), дене шынықтырумен және спортпен 177 263 студент шұғылданады, бұл барлық студенттердің 29,3 % құрайды. 2019 жылмен салыстырғанда ЖОО саны 4 данаға азайды (2019ж. – 133 дана), ЖОО дене шынықтырумен шұғылданушылар санының 4800 адамға ұлғайды (2019ж. – 172 463 адам).

Кесте 14 – Жоғары оқу орындарындағы шұғылданушылар саны

	Облыс	Саны		
		ЖОО	студенттер	шұғылданушылар
1	Ақмола	5	11 994	1432
2	Ақтөбе	6	27 695	4048
3	Алматы	1	11 201	1791
4	Атырау	3	13 177	5756
5	ШҚО	7	31 560	15957
6	Жамбыл	2	25 103	11865
7	БҚО	4	31 705	6036
8	Қарағанды	9	43 462	13201
9	Қызылорда	4	11 411	4009
10	Қостанай	7	21 542	5358
11	Маңғыстау	2	10 036	1765
12	Павлодар	4	16 689	4054
13	СҚО	2	7 799	908
14	Түркістан	3	11 614	5693
15	Алматы қ.	44	162 680	45 746
16	Астана	16	59 297	37832
17	Шымкент қ.	10	107 380	11812
	Барлығы	129	604 345	177263
Ескертпе – [15] дереккөз негізінде құрастырылған				

2020 жылы дене шынықтыру ұжымдарының саны 21 334 бірлікті құрады, оның ішінде ауылдық жерлерде бұл көрсеткіш 12028 бірлікті құрады. Бұл 2019 жылмен салыстырғанда 153 бірлікке артық. Ауылдық жерлердегі ДШҰ саны 108 бірлікке азайғаны байқалады.

Кесте 15 – Облыстардағы дене шынықтыру ұжымдары саны

№	Облыстар	2019 жыл		2020 жыл		+/-	
		барлығы	о.і. ауылда	барлығы	о.і. ауылда	барлығы	о.і. ауылда
1.	Ақмола	1228	771	1231	764	+3	-7
2.	Ақтөбе	2148	1254	2149	1254	+1	-
3.	Алматы	1743	1202	1745	1203	+2	+1
4.	Атырау	881	396	898	398	+17	+2
5.	ШҚО	1658	880	1658	880	-	-
6.	Жамбыл	2389	1753	2406	1770	+17	+17

Кесте 15-тің жалғасы

7.	БҚО	1245	936	1231	924	-14	-12
8.	Қарағанды	1330	629	1341	627	+11	-2
9.	Қызылорда	675	457	689	457	+14	-
10.	Қостанай	1608	1172	1610	1119	+2	-53
11.	Маңғыстау	545	228	586	257	+41	+29
12.	Павлодар	919	508	930	510	+11	+2
13.	СҚО	997	729	992	721	-5	-8
14.	Түркістан	1489	1221	1489	1144	-	-77
15.	Алматы қ.	1184	-	1192	-	+8	
16.	Астана	552	-	571	-	+19	
17.	Шымкент қ.	590	-	616	-	+26	
	Барлығы:	21181	12136	21334	12028	+153	-108
Ескертпе – [15] дереккөз негізінде құрастырылған							

Облыстар қиылысында дене шынықтыру ұжымдарының санының барынша артуы Маңғыстау облысында (+41 бірл.), Шымкент қ. (+26 бірл.), Нұр-Сұлтан қ. (+19 бірл.) қамтылған, сонымен бірге дене шынықтыру ұжымданың азаюы СҚО (-5 бірл.).

Дене шынықтыру және спорт ұжымдарында 135 850 спорттық секциялар құрылған (олардың ішінде ауылдық жерлерде 66 007), ондағы шұғылданушылармен қамтылуы 5 369 738 адам, оның ішінде ауылдық жерлерде 2 316 256 адам.

Сонымен қатар олимпиадалық емес спорт түрлерінен бейсбол, каратэ араши, капоэйро, кендо, су астында балық аулау, хапкидо сынды спорт түрлері бар.

Жалпы өңірлердегі спорт түрлерінің даму динамикасы оңтайлы тенденцияға ие және жоғары жетістіктер спортын дамытуға жақсы алғы шарттар құруда.

Елімізде ұлттық спорт түрлері дене тәрбиесі мен спорттың ажырамас бөлігі, ұлттық патриотизмді қалыптастыру сондай-ақ өткен тарих пен сан ғасырлық дәстүрімізді құрметтеуге баулу арқылы жастарымызды спортқа тартып, халық денсаулығын нығайту жолында басты факторы екені сөзсіз.

Қазақстан ширек ғасырлық тәуелсіздік жолында ұлттық спортымыз қарқынды түрде дамыды. Оның ішінде, қазақша күрес, тоғызқұмалақ, асық ату, көкпар, аушы құстармен аң аулау, Аударыспақ, теңге ілу, жамбы ату, бәйге және оның түрлері сияқты спорт түрлері бойынша шұғылданушылар саны артты.

2020 жылдың қорытындысы бойынша ұлттық спорт түрлерімен айналысатындардың саны 432 400 мың адамды құрады, 2019 жылы – 399 300 мың адам, 2018 жылы-375 900 адам. Осылайша, ұлттық спорт түрлерімен айналысатындар санының 56 500 адамға артуы байқалады.

2020 жылдың қорытындысы бойынша ұлттық спорт түрлерінен елімізде 8 спорттық клуб және 13 спорт мектебі жұмыс істеді.

Халықаралық аренада қазақ күресінің беделін арттыру мақсатында ұлттық спорт түрлерін дамыту аясында барлық федерацияларды біріктіру арқылы қазақ күресі қауымдастығы құрылды. Оның алғашқы конгресі өтті. Осыған қарамастан, жүргізіліп жатқан жұмыс халықаралық аренада елдің ұлттық бренді ретінде ұлттық спорт түрлерінің толық әлеуетін ашпайды, сондай-ақ ұлттық спорт түрлерімен айналысу үшін азаматтарды жеткілікті қамтуды қамтамасыз етпейді.

Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданушылар санының көрсеткіші бойынша негізгі өсім білім беру ұйымдары есебінен қамтамасыз етіледі. Білім беру ұйымдарындағы дене тәрбиесі Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және үлгілік оқу жоспарларына сәйкес оқу және оқудан тыс уақытта жүзеге асырылады. Оқу уақытында дене тәрбиесі: мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдарында аптасына кемінде үш сағат көлемінде, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында – аптасына кемінде төрт сағат, Жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында – бірінші және екінші оқу жылындағы білім алушылар үшін аптасына кемінде төрт сағат көлемінде жүзеге асырылады.

Сабақтан тыс уақытта спортпен айналысу мектеп спорт клубтарының, секциялардың және мектептен тыс дене шынықтыру-сауықтыру ұйымдарының қызметі шеңберінде жүргізіледі, олардың құрамына әртүрлі спорт мектептері, балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру клубтары, тұрғылықты жері бойынша балалар мен жасөспірімдер клубтары және қызметі мектеп жасына дейінгі балалардың, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің дене тәрбиесі мен спорттық даярлығына бағытталған басқа да заңды тұлғалар кіреді.

Балалар-жасөспірімдер клубтарының (бұдан әрі - БЖК) саны 2018 жылғы 570 – тен 2020 жылы 602-ге дейін, оның ішінде ауылда - 111 - ден 136-ға дейін, дене шынықтыру даярлығы балалар-жасөспірімдер клубтарының (бұдан әрі-БЖКФК) саны 2018 жылғы 87-ден 2020 жылы 119-ға дейін, оның ішінде ауылда 36-дан 51-ге дейін өсті. Аталған ұйымдарда шұғылданушылардың жалпы саны 2018 жылғы 171,6 мыңнан 2020 жылы 188,9 мың бала мен жасөспірімге дейін өсті.

Оң динамикаға қарамастан, мектептегі спорт клубтарын құру баяу қарқынмен жүзеге асырылуда. 2020 жылға дейін Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан облыстарында және Алматы қаласында БЖКФК жоқ. Кейбір өңірлерде қаржыландыруды қысқарту мақсатында оларды жабу үрдісі орын алуда.

2020 жылы 1 343 мың білім алушыны қамтитын 45 мың спорт секциясы жұмыс істейді (жалпы контингенттің 39% – ы), оның ішінде тегін секциялар – 40 845, ақылы секциялар - 4 674. Дене шынықтыру мұғалімдеріне аптасына 3 сағаттан сабақтан тыс спорттық сабақтар жүргізгені үшін базалық лауазымдық жалақыдан (бұдан әрі - БЛА) 100% көлемінде қосымша ақы көзделген. Ұлттық


Мектеп лигасы, гимназия, Республикалық көп деңгейлі турнирлер мен жарыстар өткізіледі.

Сонымен қатар, 2021 жылы спорт секцияларын жан басына қаржыландыру енгізілді, соның арқасында 4 жастан 17 жасқа дейінгі бүкіл ел бойынша 115 мыңнан астам балалар мен жасөспірімдер тегін спортпен шұғылданады, қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен қамтамасыз етілді. Балаларды спорт секцияларымен неғұрлым көп қамту Алматы және Нұр-сұлтан қалаларында байқалады.

Студенттік спортты дамыту үшін 108 жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында 100 мыңнан астам студентті қамтитын 101 спорт клубы және 1 мыңнан астам спорт секциялары жұмыс істейді. Жыл сайын қысқы және жазғы универсиадалар өткізіледі. Дүниежүзілік универсиада-әр түрлі спорт түрлері бойынша студенттер арасында өткізілетін кешенді халықаралық қысқы және жазғы жарыстар.

Техникалық және кәсіптік, сондай - ақ жоғары білім беруде спорттың 10-12 түрі бойынша студенттік спорттық лигалар бойынша жобалар іске асырылады. Сонымен қатар, студенттерді спортпен қамтудың төмендігі байқалады. Мәселен, егер колледждерде қамтылу 50% - ды құраса, онда жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында-тек 29,3% - ды құрайды (604 300 студенттің 177 300-і спортпен шұғылданады).

Мектеп және студенттер лигаларын өткізу бойынша жүйелі жұмыстардың жоқтығы байқалады, олардың жарыстық ахуалы білім беру ұйымдары оқушыларының дене шынықтырумен және спортпен шұғылданушылардың жалпы санынан дене белсенділігі мен спортқа көбірек тартылуына ықпал етеді.



2-Сурет – Ұлттық спорт құрылымы
Ескертпе –[15] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Еліміз бойынша ұлттық спорт үйірмелері – 10,5 мың, айналысушылар – 312 мың адам.

Жаттықтырушы-инструкторлар – 4606 адам, оның ішінде 670 адам тұрақты түрде жаттықтырады.

Ұлттық спорттың даму деңгейі халық арасында өте жоғары. Бірақ қаржыландыру деңгейі төмен. Мысалы: 2020 жылда спортқа бөлінген 108,8 млрд.-тың тек ұлттық спортқа 0,4 % пайызы бөлінген. Ал 2022 жылда «SportQory» қауымдастығы бойынша дзюдо, бокс және ауыр атлетикаға 600 млн теңге бөлінсе, Ұлттық спорттың 7 түріне 148,5 млн теңге бөлінген.

Жылдың барлық мезгілінде шұғылданатын арнайы спорт кешені жетіспейді. Мысалы, 48 ипподромның ешқайсысы әлемдік стандартқа сай емес.

Ұлттық спорттан кадрлардың жетіспеушілігі, заманауи оқу-жаттығу жұмыстарының аздығы, ғылыми-әдістемелік негіздердің жоқтығы бұқаралық сипат алуына кедергі [15].

Қазіргі таңда Қазақстан бойынша барлығы 14 жергілікті федерация өз жұмысын атқарып келеді. Олардың 12 аккредиттеуден өтіп, 2023 күнтізбелік жылға бекітілген іс-шараларға қатысатынын растады.

2022 жылдың қаңтар айында «Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиадалық комитеті» Қоғамдық бірлестігі №112 тану туралы сертификат беріп, Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт қауымдастығын (бұдан әрі – Қауымдастық) олимпиадалық емес спорт түрі бойынша дене шынықтыру – спорттық ұйымы ретінде таныды.

2022 жылдың наурыз айында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті Қауымдастыққа Қазақстан Республикасының аумағында дәстүрлі садақ ату бойынша спорт федерациясын аккредиттеу туралы №113 куәлігі берілген [16].

Қазіргі таңда Федерация Қауымдастық құрамында жұмыс жасайды.

Кесте 17 – Облыстар бойынша Дәстүрлі садақ атудан федерациялар саны

№	Өңір атауы	Федерация атауы	Өңірдегі куб саны	Әуесқой садақшылар саны
1.	Абай облысы	«Абай облысының дәстүрлі садақ ату федерациясы» қоғамдық бірлестігі	1	0
2.	Ақмола облысы	«ARQA MERGENDERI» дәстүрлі садақ ату Ақмола облыстық федерациясы» қоғамдық бірлестігі	1	30
3.	Алматы облысы	«Mergender ordasy» дәстүрлі садақ ату Алматы облыстық федерациясы» қоғамдық бірлестігі	1	40

Кесте 17-нің жалғасы

4.	Атырау облысы	«BATU HAN ZHEBESI» облыстық дәстүрлі садақ ату федерациясы» Атырау облыстық қоғамдық бірлестігі	2	25
5.	Батыс Қазақстан облысы	-	-	-
6.	Жамбыл облысы	-	-	-
7.	Жетісу облысы	«Жетісу облысының дәстүрлі садақ ату федерациясы» қоғамдық бірлестігі	1	10
8.	Қарағанды облысы	-	4	0
9.	Қостанай облысы	«Sadaq Atu Qostanai» қоғамдық бірлестігі	1	5
10.	Қызылорда облысы	-	-	-
11.	Маңғыстау облысы	«Маңғыстау облысының дәстүрлі садақ ату және жамбы федерациясы» қоғамдық бірлестігі	4	50
12.	Павлодар облысы (Екібастұз қаласы)		1	10
13.	Түркістан облысы	«Түркістан облыстық Turkestan sadq atu федерациясы» қоғамдық бірлестігі	1	30
14.	Ұлытау облысы	«Ұлы дала жібесі федерациясы» қоғамдық бірлестігі	1	0
15.	Шығыс Қазақстан облысы	«Oskemen sadaq atu» дәстүрлі садақ ату федерациясы	1	40
16.	Астана қаласы	«Elorda sadaq atu» дәстүрлі садақ ату федерациясы	2	1100
17.	Алматы қаласы	«Дешті-Қыпшақ федерациясы» қоғамдық бірлестігі	1	11
18.	Шымкент қаласы	«Шымкент қаласының дәстүрлі садақ ату федерациясы» қоғамдық бірлестігі	1	50

Ескертпе – [16] дереккөз негізінде құрастырылған

АҚШ. Барлығына арналған спорт немесе инклюзивті спорт түрі барлық жастағы, жыныстағы, нәсілдегі, қабілеттегі және әлеуметтік-экономикалық ортадағы адамдар үшін қолжетімді және инклюзивті болуы үшін жасалған спорттық бағдарламалар мен іс-шараларды білдіреді. Америка Құрама Штаттарында барлығына арналған спорт дене шынықтыруға, әлеуметтік интеграцияға және жеке дамуға жәрдемдесу құралы ретінде көбірек назар аударыла бастаған. Бұл әдебиеттерге шолуда біз Америкадағы спортты әртүрлі көзқарастардан зерттеген зерттеулердің негізгі нәтижелерін зерттейміз.

Америкадағы «Баршаға арналған спорт» 1950 және 1960 жылдардан бастау алатын бай тарихы бар, сол кездегі Президенттің дене шынықтыру және спорт жөніндегі кеңесі және Ұлттық демалыс және саябақ қауымдастығы сияқты ұйымдар барлық американдықтардың дене шынықтыру мен демалысын ынталандыру үшін құрылған. 1970 және 1980 жылдары мүгедектерге және басқа маргиналды топтарға арналған инклюзивті спорт бағдарламаларына назар аударылды.

Америкада барлығына спортты ілгерілету үшін қол жетімді және инклюзивті спорт нысандары мен бағдарламаларын қамтамасыз ету, бейімделу жабдықтары мен жаттықтырушыларды ұсыну, спорт ұйымдары мен қоғамдастық топтары арасында серіктестік құру сияқты әртүрлі үздік тәжірибелер анықталды. DePauw және Gavron (2019) зерттеуі спорт ұйымдарында инклюзия және құрмет мәдениетін құру, сондай-ақ барлығына спортты ілгерілетуге және барлық қатысушылар үшін оң нәтижелерге әкелуі мүмкін екенін ұсынды [17].

Қорытындылай келе, Америкадағы барлығына арналған спорттың бай тарихы және көптеген әлеуетті артықшылықтары бар, соның ішінде физикалық және психикалық денсаулықты жақсарту, әлеуметтік интеграция және жеке даму. Дегенмен, қолжетімділік пен қатысу, әсіресе маргиналды топтар үшін негізгі қиындықтар болып қала береді. Баршаға арналған спортты насихаттау үшін озық тәжірибелер енгізіліп, спорт ұйымдары мен қоғамдық топтар арасындағы серіктестікті нығайту қажет.

Венгрияда «Opal Foundation for Talent Management» (Таланттарды басқару үшін Опал қоры) қор жұмыс жасайды.

2010 жылы құрылғаннан бері OPAL Talent Care Foundation әлеуметтік жағдайы төмен және аз қамтылған балаларды, әсіресе сыған балаларын қолдауды басты мақсаты етіп қойған. Студенттерді бастауыш мектептен бастап университеттегі оқуының соңына дейін қолдау көрсетіп, әртүрлі жүйелер мен стипендиялық бағдарламалар арқылы оқу барысында оларға демеушілік көрсетеді.

Опал таланттарды басқару қоры өз бағдарламасының әртүрлілігін кеңейтіп, салауатты өмір салты, мектептегі үлгерім, спорт және әлеуметтік дағдылар арасындағы байланысты жақсарту үшін жұмыс жасайды. Күнделікті өмірде салауатты өмір салты мен физикалық белсенділіктің маңыздылығын атап көрсетуді мақсат етеді [18].

Сауда Арабиясының «Баршаға арналған спорт федерациясы» қауымдастығы бұқаралық спорттың дамуына жауапты негізгі орган болып табылады. Аталған орган дене шынықтырумен айналысатындардың үлесі 2030 жылға қарай Корольдік халқының 40% құрайтынын жоспарлаған.

2019 жылы Сауд Арабиясының «Баршаға арналған спорты» федерациясына «Өмір сапасы» бағдарламасы бойынша Спорт министрлігінің қоғамдық спорттық бастамаларын басқару құқығы берілген. Сонымен қатар спорттық алаңдар бұл елде жабық форматта салынған [19].


Қырғызстан. Халық ойындары мен дәстүрлі жарыстар қырғыз халқының бүкіл тарихи дамуында үлкен орын алды. Олардың дүниетанымын қалыптастыруда, жастарды тәрбиелеуде, олардың жауынгерлік рухы мен денсаулығын нығайтуда, мал шаруашылығына, әскери істерге дайындауда елеулі рөл атқарды. Атап айтқанда, ер халықтың ойынға, жарысқа, аңшылыққа, салт-дәстүрге қатысуы көшпелі қоғам жағдайында және батырлық дәуір жағдайында кеңінен таралған.

«Ұлттық спорт түрлері туралы» Қырғыз Республикасының 2003 жылғы 19 сәуірдегі N 84 Заңы қабылданған. Осы Заң Қырғыз Республикасында ұлттық спорт түрлерінің дамуының құқықтық негіздерін айқындайды [20].

Қорытынды

Жоғарыдағылардың негізінде және зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, еліміздегі бұқаралық спортты дамыту мақсатында келесі ұсыныстар берілді:

1.Ұйымдастырушылық тетіктер бағытында: Аула алаңдарын спортпен қамтамасыз ету.



3-Сурет - Аула алаңдарын спортпен қамтамасыз ету моделі.
Ескертпе – [15] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Тұрғын үйлердің спорт алаңдарында аула командаларын құру және арнайы спорт инструкторларын тағайындап аула спортын жүйелеу тұрғындардың спортпен шұғылдануына негіз болады.

Инструкторды қаржыландыруды «Спорт басқармасы» және «кондоминиум объектілерінің басқарушы органдары, (Мүлік иелерінің бірлестігі, қарапайым серіктестік)» жүргізу қажет. Халықтың спортпен шұғылдануды жүйелейді.

2.Заңнамалық бағытта: Ұлттық спорт түрлерінің бұқаралық сипат алуы үшін арнайы заң жобасын әзірлеу

Қырғыз елінің тәжірибесіне сүйене отырып «Ұлттық спорт түрлері туралы» заңды қарастыру қажет.

Қосымша 1-ге сәйкес ұсынылып отырған заң бес тарау 16 баптан тұрады. Заң жобасы жалпы ережеден оның ішінде:

- Ұлттық спорт түрлері туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының мақсаттары мен міндеттері;
- Ұлттық спорт түрлерін дамыту мемлекеттік саясатының негізгі принциптері;

- Ұлттық спорт түрлері;
- Ұлттық спорт түрлері бойынша спорт ұйымдары ;
- Ұлттық спорт түрлері саласындағы азаматтардың құқықтары ;
- Материалдық база, ұлттық спорт түрлерін қаржыландыру көздері,

ұлттық спорт түрлерімен айналысатын спортшыларды әлеуметтік қорғау сияқты мазмұнды қамтыған. Аталған ұсыныс нәтижесінде мәжіліс депутаттары арқылы «Дене шынықтыру және спорт туралы» заңға өзгертулер енгізу арқылы ұлттық спорт түрлеріне бөлек статус беріп, мемлекет бюджетінен тікелей қаржыландыруға қол жеткізуге болады деп санаймын.

3.Инфрақұрылымдық бағытта: Жабық бұқаралық спорт алаңдарын салу.

Ашық аспан астындағы спорттық алаңдар тиімділік жағынан күн райының жылы кезінде ғана 2-3 ай халыққа қызмет етеді. Жыл мезгілінің қалған суық маусымында 6 ай бойы қар астында немесе спортпен шұғылдануға қолайсыз болып келеді. Мысалы: Астана, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, т.б. өңірлерде бұл мәселе бар.

Соған сәйкес БАӘ тәжірибесі негізінде спорт алаңдарының тиімділігін арттыру мақсатында «Жабық бұқаралық спорт» алаңдарын қалыптастыруды ұсынамын.

1. Бұқара халық 12 ай спортпен шұғылдануға мүмкіндік туады;
2. Қала аумағында бос жатқан алаңдар халық игілігіне пайдалануға беріледі;
3. Ұлттық жоспарда көрсетілген 2025 жылға дейін мақсатты индикаторға 34 пайыз көрсеткішке жету мүмкіндік пайда болады.



2-Сурет – Ұлттық спорт құрылымы
Ескертпе –[18] дереккөз негізінде БАӘ тәжірибесі негізінде алынған.

4.Ақпараттық насихаттау жұмысы бағытында: Бұқаралық спортты насихаттайтын телевизиялық бағдарламалар мен спорттық теле-шоуларды жүзеге асыру қажет деп есептеймін. Ұлттық ойындардың бұқаралық сипатқа ие болуы – медиа мүмкіндіктеріне тікелей байланысты екені анық. Ол үшін ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі тарапынан «Qazaqstan» ұлттық арнасында «Мергендер мекені» атты мега реалити шоуын түсіруін ұсынамын. Бұл өз кезегінде садақ ату өнерінің жастар арасында жаппай дамып сәнге айналуына мүмкіндік береді.

Бұл мега жоба арқылы ұлттық спортты насихаттай отырып, халықтың салауатты өмір салтын ұстануға, спортпен шұғылдануына септігі болар еді. Сонымен қатар, еліміздің туристік әлеуеті зор, көркем жерлерін жаңа қырынан көрсетіп, насихаттауға мүмкіндік береді.

Бұл ұсыныс, мемлекет басшысының ұлттық спорт түрлерін халыққа кеңінен насихаттап, бұқаралық деңгейге көтеру тапсырмасын орындауға негіз болады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 725 "Дені сау ұлт" әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау" ұлттық жобасын бекіту туралы» қаулысы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000725> Жүгінген күні: 01.12.2022
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 қарашадағы № 799 «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы» қаулысы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000799> Жүгінген күні: 12.12.2022
3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 168 «Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлығы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500001037> Жүгінген күні: 22.12.2022
4. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына 2020 жылғы 1 қыркүйек Жолдауы // – URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy_kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek Жүгінген күні: 11.01.2023
5. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымының 2018-2030 жылдарға арналған физикалық белсенділікті арттыру жөніндегі жаһандық іс-қимыл жоспары // – URL: <https://www.who.int/news-room/fact-sheets/detail/physical-activity#:~:text=Worldwide%2C%20around%201%20in%203,physical%20activity%20to%20stay%20healthy> Жүгінген күні: 12.02.2023
6. "Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті" мемлекеттік мекемесінің ережесі // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G16KS000148> Жүгінген күні: 11.01.2023
7. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы 2012 жылғы желтоқсан // – URL: https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs Жүгінген күні: 12.01.2023
8. What Motivates Young Athletes to Play Sport? Journal: Frontiers for Young Minds // Published - 20 Oct 2022 // – URL: <https://kids.frontiersin.org/articles/10.3389/frym.2022.686291> Жүгінген күні: 14.03.2023ж.
9. Recall and awareness of gambling advertising and sponsorship in sport in the UK: a study of young people and adults / Harm Reduction Journal / Published - 2

Apr 2019 // – URL:
<https://harmreductionjournal.biomedcentral.com/articles/10.1186/s12954-019-0291-9>
Жүгінген күні: 19.03.2023

10. Сейдишова Д.Т. Қазақстан республикасындағы бұқаралық спорттың қазіргі жағдайы және даму перспективалары //- Нур-Султан, 2021.

11. Әлиева Н.А. Қазақстан республикасының спорт резервін қалыптастырудағы бұқаралық спорттың рөлі // - Нур-Султан, 2021.

12. Does Elite Sport Develop Mass Sport? // A Norwegian Case Study scandinavian sport studies forum issn 2000-088x volume one, 2010, - pp51–68

13. А.Л. Гречишников, А.И. Левин Развитие массового спорта как объект управленческой деятельности // Вестник Поволжского института управления 2016. № 5 (56)

14. А.Сағынтаева, Ә.Қамбатырова, Л.Қарабасова, Г.Қанай, А.Әлмұхамбетова Білім беру зерттеулеріне кіріспе: Теория, әдістер және тәжірибелер – Нұр-Сұлтан, 2022

15. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының спорт саласының дамуы туралы баяндамасы // – URL:
<https://www.gov.kz/memleket/entities/sport/press/article/details/86487?lang=kk>
Жүгінген күні: 20.09.2022

16. Дәстүрлі садақ ату федерациясының 2023 жылғы есебі // – URL:
<https://ulttyqatsport.kz/sports?lang=kz> Жүгінген күні: 20.01.2023

17. Good Sports in USA // – URL: <https://www.goodsports.org/about/n>
Жүгінген күні: 20.03.2023

18. Таланттарды басқару үшін Опал қоры // – URL: <http://opaltehsetseg.hu>
Жүгінген күні: 20.03.2023

19. Сауд Арабиясының бұқаралық спорт федерациясы // – URL:
<https://sportsforall.com.sa/sfa-domes/?lang=ar> Жүгінген күні: 20.03.2023

20. Закон кыргызской республики от 21 апреля 2003 года № 84 О национальных видах спорта // – URL: <http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/1208?cl=ru-ru> Жүгінген күні: 20.03.2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

_____ ЖЫЛҒЫ _____ № _____

Ұлттық спорт түрлері туралы

Қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің құрамдас бөлігі бола отырып, ұлттық спорт түрлері Қазақстан Республикасында тұратын басқа халықтар өкілдерінің халықтық ойындарымен қатар жеке тұлғаның үйлесімді рухани және физикалық дамуына, салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал етеді.

Осы Заң Қазақстан Республикасында ұлттық спорт түрлерінің жұмыс істеуі мен дамуының құқықтық негіздерін айқындайды.

I тарау

Жалпы ережелер

1-бап. Ұлттық спорт түрлері туралы заңнама

Ұлттық спорт түрлері туралы заңнама осы Заңнан және оған сәйкес қабылданған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2-бап. Ұлттық спорт түрлері туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының мақсаттары мен міндеттері

Қазақстан Республикасының ұлттық спорт түрлері туралы заңнамасының негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- ұлттық спорт түрлерін жаңғырту және одан әрі дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау;
- мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, спорттық, білім беру, ғылыми және басқа да дене шынықтыру және спорт ұйымдарының ұлттық спорт түрлерін дамыту жөніндегі функцияларын айқындау;
- ұлттық спорт түрлерімен айналысатын азаматтарға әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету.

3-бап. Ұлттық спорт түрлерін дамыту мемлекеттік саясатының негізгі принциптері

Ұлттық спортты дамытудың мемлекеттік саясатының негізгі қағидаттары: гуманизм, демократиялық, азаматтардың рухани тәрбиесінің үйлесімділігі мен сабақтастығы.

4-бап. Ұлттық спорт түрлері

Ұлттық спорт түрлеріне: аударыспақ, бәйге, асық ату, жамбы ату, көкпар, қазақша күрес, жекпе-жек өнері, жыртқыш құстармен аң аулау, саятшылық, тоғызқұмалақ, дәстүрлі садақ ату, қыз қуу, теңге ілу және Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген бірыңғай спорт классификациясына енгізілген басқа да ұлттық спорт түрлері жатады.

5-бап. Ұлттық спорт түрлері бойынша спорт ұйымдары

Қазақстан Республикасында спорт ұйымдары қауымдастықтар, федерациялар, әуесқойлар және кәсіпқой клубтар, ұлттық спорт түрлері бойынша секциялар нысанында құрылады, дене шынықтыру және спортты басқару жөніндегі республикалық мемлекеттік орган бекіткен Ережелер негізінде жұмыс істейді.

Ұлттық спорт түрлері бойынша спорт ұйымдары дене шынықтыру және спортты басқару жөніндегі республикалық мемлекеттік органмен бірлесе отырып, біріншіліктер, спартакиадалар, чемпионаттар, кубоктар мен басқа да спорттық жарыстар, сондай-ақ ұлттық спорт түрлері бойынша халықаралық спорт жарыстарына дайындық бойынша оқу-жаттығу жиындарын өткізеді.

Ұлттық спорт түрлерінен республикалық чемпионаттар жыл сайын, ал халықаралық жарыстар төрт жылда бір реттен кем емес өткізіледі.

Спорт ұйымдарының эмблемасы мен жеке нышандары олардың меншігі болып табылады және олардың келісімімен ғана пайдалануға болады.

6-бап Ұлттық спорт түрлері саласындағы азаматтардың құқықтары

Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұратын шетел азаматтары мыналарға құқылы:

- ұлттық спорт түрлерімен айналысу;
- ұлттық спорт түрлері бойынша қоғамдық негізде спорт ұйымдарын құру.

II тарау

Ұлттық спорт басқармасы

7-бап. Мемлекеттік басқару органдары

Ұлттық спорт саласындағы мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мақсатты мемлекеттік бағдарламаларды әзірлейді және жүзеге асырады, ұлттық спорт түрлерін дамытуға қаржылық қолдау көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұлттық спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі уәкілетті органы дене шынықтыру және спортты басқару жөніндегі республикалық мемлекеттік орган болып табылады.

Жергілікті атқарушы органдары:

- ұлттық спорт түрлерін дамытумен айналысатын спорт ұйымдарының қызметін жергілікті бюджеттен қаржыландыру;
- ұлттық спорт түрлері бойынша мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерін және оқу және спорт объектілерін құруға және қаржыландыруға;
- ұлттық спорт ұйымдары үшін олардың ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, үй-жайларды, сондай-ақ спорт ғимараттарын бөлуге жәрдемдесуге.

III тарау

Ұлттық спорт түрлері бойынша білім беру және насихаттау

8-бап. Ұлттық спорт түрлері бойынша білім беру

Ұлттық спорт түрлері бойынша мамандарды дайындауды Қазақстан Республикасының

дене шынықтырудағы мемлекеттік оқу орындары, жоғары оқу орындарының дене шынықтыру факультеттері, педагогикалық жоғары оқу орындары мен колледждер жүзеге асырады.

Ұлттық спорт түрлері бойынша сабақтар жоғары оқу орындарында оқудың алғашқы екі курсында міндетті болып табылады және аптасына кемінде екі сағат, ал қалған курстарда – таңдау бойынша жүргізіледі.

Бастауыш кәсіптік, орта кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттеріне ұлттық спорт түрлері бойынша сабақтар оқу жоспарларына, кешенді мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес оқу және ұзартылған күн режимінде өткізіледі.

Сыныптан тыс уақытта ұлттық спорт түрлерімен шұғылдану үшін үйірмелер мен мектептен тыс сауықтыру мекемелері құрылады.

Қазақстан Республикасында ұлттық спорт түрлері бойынша спорт резервін даярлауды ұлттық спорт түрлері бойынша балалар мен жасөспірімдерге арналған мамандандырылған оқу және спорт мекемелерінің жүйесі жүзеге асырады. Оның құрамына жасөспірімдер спорт мектептері мен жоғары спорт шеберлігі мектептері кіреді.

Ұлттық спорт түрлері бойынша оқу орындарында және дене шынықтыру факультеттерінде оқыту мемлекеттік бюджет қаражаты, мамандарды мақсатты даярлауға бөлінген кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер есебінен, сондай-ақ қайырымдылық қорлары мен ерікті жарналар есебінен жүзеге асырылады.

9-бап. Ұлттық спорт түрлерімен жұмыс және демалу орнында шұғылдану

Кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, меншік нысанына қарамастан, азаматтардың ұлттық спорт түрлеріне қатысуын мемлекеттің әлеуметтік саясатының бір бөлігі ретінде қарастыруы керек және ұлттық спорт түрлерін еңбекшілердің денсаулығын нығайту жөніндегі шаралар қатарына қосуға, азаматтардың ұлттық спорт түрлерімен айналысу құқығын жүзеге асыруына жағдай жасау.

Санаториялық-курорттық мекемелерде, пансионаттарда, демалыс үйлерінде, туристік базаларда және балалар сауықтыру лагерьлерінде ұлттық спорт түрлерімен шұғылдануға жағдай жасалуы керек.

10-бап Ұлттық спорт түрлерін насихаттау

Дене шынықтыру және спортты басқару жөніндегі республикалық мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, спорт ұйымдары мен қоғамдық бірлестіктер ұлттық спортты насихаттау жөнінде мақсатты жұмыстар жүргізуде.

Мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарында ұлттық спортқа арналған бағдарламалар, арнайы айдарлар жүйелі түрде жүргізілуде.

IV тарау

Материалдық база, ұлттық спорт түрлерін қаржыландыру көздері, ұлттық спорт түрлерімен айналысатын спортшыларды әлеуметтік қорғау

11-бап Ұлттық спорт түрлерінің материалдық базасы

Мемлекеттік органдар ұлттық спорт түрлерін дамыту үшін қажетті сауықтыру және спорт ғимараттарымен, меншік нысанына қарамастан кәсіпорындармен, мекемелермен, ұйымдармен ең аз қамтамасыз ету нормативтерін қызметкерлер санына сәйкес белгілейді.

Білім беру ұйымдарын жобалау, жаңаларын салу және жұмыс істеп тұрған реконструкциялау кезінде ұлттық спорт түрлерімен айналысуға жағдай жасау керек.

Ұлттық спорт түрлерімен айналысатын сауықтыру және спорт объектілерін белгілі бір

тұрғын алабының шегінде оларға теңестірілген объектілерді құруға дейін таратуға жол берілмейді.

12-бап Спорттық ұйымдарды ұлттық спорт түрлері бойынша қаржыландыру

Ұлттық спорт түрлері бойынша спорт ұйымдары республикалық және жергілікті бюджеттерден басым және қосымша қаржыландыру құқығын пайдаланады. Оларды қаржыландыру көздеріне сондай-ақ кәсіпкерлік және басқа да шаруашылық қызметтен түсетін кірістер, халыққа ақылы дене шынықтыру, спорт және сауықтыру қызметтерін көрсетуден, белгіленген тәртіпте спорттық лотереяларды өткізуден түскен қаражат, кәсіпорындардан, мекемелерден және ұйымдардан түсетін ерікті жарналар, бұқаралық спорт және спорт ұйымдарына қатысушылардың мүшелік жарналары, арнайы қорлар, спорттық және ойын-сауық іс-шараларынан түсетін кірістер, спорттық рәміздер мен эмблемаларды пайдаланғаны үшін кәсіпорындар мен ұйымдардан аударымдар, шетелдік инвестициялар, халықаралық ұйымдардан түсетін түсімдер,

Ұлттық спорт түрлерін қаржыландыруға бөлінген қаражат Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінде жеке жол ретінде көрсетілген.

Бюджеттік емес көздерден қаражаттың түсуі ұлттық спорт түрлерін дамытуға бюджеттен бөлінетін қаражатты қысқарту үшін негіз болып табылмайды.

13-бап. Ұлттық спорт түрлерімен айналысатын спортшыларды әлеуметтік қорғау және көтермелеу

Ұлттық спорт түрлерімен айналысатын спортшыларды қаржылық қолдауды дене шынықтыру және спорттың республикалық мемлекеттік органдары, ұлттық спорт федерациялары, қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ жеке тұлғалар көрсете алады.

Ұлттық спорт түрлерімен айналысатын спортшылардың әлеуметтік қорғалуына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекет кепілдік береді.

Ұлттық спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларының мүшелері және ұлттық спорт түрлерінен жоғары нәтижелерге қол жеткізген спортшылар Қазақ Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекет тарапынан көтермеленеді.

V тарау

Ұлттық спорт түрлері бойынша халықаралық спорттық қатынастар

14-бап. Халықаралық қатынастар

Спорт ұйымдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы ұлттық спорт түрлерімен айналысатын спортшылар жарыс ережелері мен тиісті халықаралық ұйымдардың жарғыларын сақтай отырып, халықаралық спорт жарыстарына қатысуға құқылы.

Ұлттық спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларын халықаралық жарыстарға дайындық және қатысу кезеңінде қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттер, сондай-ақ заңнамада тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

15-бап. Нормативтік құқықтық актілерді осы Заңмен сәйкес келтіру

Қазақстан Республикасының Үкіметі өзінің нормативтік құқықтық актілерін ол күшіне енген күннен бастап үш ай ішінде осы Заңға сәйкес келтірсін.

16-бап. Осы Заңның қолданысқа енгізілуі

Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.